

Қостанай облысының су объектілерінің су қорғау аймақтары мен белдеулерін және оларды шаруашылықта пайдалану режимін белгілеу туралы

Қостанай облысы әкімдігінің 2026 жылғы 8 қаңтардағы № 5 қаулысы

Қазақстан Республикасы Су кодексінің 27-бабы 1-тармағының 3) тармақшасына және 85-бабының 2-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабы 1-тармағының 8-1) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрінің 2025 жылғы 9 маусымдағы № 120-НҚ бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 36238 болып тіркелген) бекітілген су қорғау аймақтары мен белдеулерінің шекараларын белгілеу қағидаларының 5-тармағына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қостанай облысының су объектілерінің су қорғау аймақтары мен белдеулері осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. Қостанай облысының жер үсті су объектілерінде, су қорғау аймақтары мен белдеулерінде шаруашылық қызмет режимі осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес белгіленсін.

3. "Қостанай облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыға қол қойылған күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық акпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Қостанай облысы бойынша филиалына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

2) осы қаулының ресми жарияланғанынан кейін оның Қостанай облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қостанай облысы әкімінің міндетін атқарушы

Б. Таңжарықов

Келісілді

"Қазақстан Республикасы Су

ресурстары және ирригация министрлігі
 Су ресурстарын реттеу, қорғау және
 пайдалану комитетінің Су ресурстарын
 қорғау және пайдалануды реттеу
 жөніндегі Тобыл-Торғай бассейндік су
 инспекциясы" республикалық
 мемлекеттік мекемесі

Қостанай облысы әкімдігінің
 2026 жылғы 8 қаңтардағы
 № 5 қаулысына
 1-қосымша

Қостанай облысының су объектілеріндегі су қорғау аймақтары мен белдеулері

№	Су объектісінің атауы	Су қорғау аймағының ені (метр)	Су қорғау белдеуінің ені (метр)
1	2	3	4
1	Тобыл өзені	40–1600	20*; 35–100
2	Торғай өзені	500	35–38
3	Обаған өзені	500–900	35–42
Алтынсарин ауданы			
4	Ақсуат көлі	500	35
5	Алтыбай көлі	300	35
6	Аршакөл көлі	300	35
7	Докучаевский тоғаны	300	35
8	Жалғызкөл көлі	300	35
9	Железнодорожный тоғаны	300	35
10	Казахский тоғаны	300	35
11	Кирпичный тоғаны	300	35
12	Коллектив тоғаны	300	35
13	Рымское көлі	300	35
14	Сливное көлі	500	35
15	Талы көлі	500	35
16	Теленші көлі	300	35
17	Тойтомар шатқалы	300	35
18	Ұзынкөл көлі	500	35
19	Цыганский Лог тоғаны	300	35
Амангелді ауданы			
20	Ағаштыкөл көлі	500	35
21	Алакөл көлі	300	35
22	Байғабыл өзені	500	35
23	Бақай көлі	500	35

24	Жалдама өзені	500	35
25	Жолқара (Қоғакөл) көлі	300	35
26	Қабырға өзені	500	35
27	Қарасу өзені	500	35
28	Қарынсалды өзені	500	35
29	Мойылды өзені	500	35
30	Өтеміс өзбойы	500	35
31	Сарыөзен өзені	500	35
32	Тасты өзені	500	35
33	Тентексай өзбойы	500	35
34	Үлкенсор өзені	500	35
35	Шақпақ өзені	300	35
36	Жабындысор көлі (Шыбындысор)	500	35
Арқалық қаласы			
37	Ақжар су қоймасы	500	35
38	Арқалық қалалық су қоймасы	300	35
39	Ашутасты өзені (Ащытасты)	500	35
40	Бикен көлі	300	35
41	Казахский Жаркөл көлі	500	35
42	Қараторғай өзені	500	35
43	Русский Жаркөл көлі	500	35
44	Сарыөзен су қоймасы	300	35
45	Сарыторғай өзені	500	35
46	Талдыкөл көлі	500	35
47	Тасты өзені	500	35
48	Тасты су қоймасы	300	35
49	Терісаққан өзені	500	35
50	Шошқалы көлі	300	35
51	Жосалы өзенінің учаскісі	500	35
Әулікөл ауданы			
52	Атанақ көлі	300	35
53	Бәкинсай көлі	300	35
54	Балықтыкөл көлі	500	35
55	Бидайық (Солдатское) көлі	500	35
56	Дүзбай жайылмалары көлі	300	35
57	Жалтыр (Казачка) тоғаны	300	35
58	Жаркөл көлі	500	35
59	Камышиное көлі	300	35

60	Қараткөл көлі	300	35
61	Кировская балка тоғаны	300	35
62	Кішкенкөл көлі (Диев ауылы шегіндегі учаскені есепке алмағанда)	300	35
63	Диев ауылы шегіндегі Кішкенкөл, Мырзакөл көлдері және Мырзакөл-Қарасу белдемі: Кішкенкөл көлінің учаскесі	70	35
64	Мырзакөл көлі саласының учаскесі		
65	Мырзакөл-Қарасу белдемінің учаскесі		
66	Көкпекті көлі	300	35
67	Кондратьевский тоғаны	300	35
68	Қоскөл көлі	300	35
69	Қоскөл (Пограничное) көлі	300	35
70	Ноғайкөл көлі	300	35
71	Огородное тоғаны	300	35
72	Океан (Ақсан) көлі	500	35
73	Перерезное көлі	500	35
74	Ревуль көлі	300	35
75	Сұлукөл көлі	500	35
76	Тастемір көлі	500	35
77	Шағыбай көлі	500	35
78	Шилі көлі	500	35
79	Шұнқыркөл көлі	500	35
80	№ 2 тоған	300	35
81	Комсомольское көлі: "ЭПК-forfait" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің өндірістік алаңы шегінде	121-160	35
Бейімбет Майлин ауданы			
82	Аласор көлі	500	35
83	Әйет өзені: Асенкритов ауылдық округіндегі "Варварин" алтынмыс кен орнын әзірлеу жөніндегі тау жұмыстарын жүргізуге арналған № 4, № 5, № 6, № 9 жер учаскелердің шегінде	500	100

84	Әйет өзені: Асенкритов ауылдық округінің Николаев ауылындағы №4 жер учаскенің шегінде	500	35
85	Қаратомар су қоймасының шегіндегі Әйет өзені: "Коктем" дәмханасын пайдалануға және қызмет көрсетуге арналған жер учаскесі	600–700	100
86	Әйет ауылының шекарасындағы Әйет өзенінің сол жақ жағалауы	150–500	35; 100
87	Әйет ауылының шекарасындағы Әйет өзенінің оң жақ жағалауы	86–600	35; 100
88	Қаратомар су қоймасының шегіндегі Әйет өзені: Елизаветин ауылының өнеркәсіптік аймағында басы бір миллионға дейінгі бройлерлік құс фабрикасының құрылысына арналған жер учаскесі	800–1040	100
89	Балықты көлі	300	35
90	Үлкен Қайындқкөл көлі	300	35
91	Большое Немецкое көлі	300	35
92	Валерьяновская балка көлі	300	35
93	Глубокий карьері	300	35
94	Жалтыр көлі	300	35
95	Жалтыркөл көлі	300	35
96	Қайранкөл көлі	300	35
97	Қалқаманкөл (Кочковатое) көлі	500	35
98	Қаракөл шатқалы	500	35
99	Қарамсақ көлі	300	35
100	Қарасор көлі	500	35
101	Қарасор көлі (Тұзды)	500	35
102	Қаратомар су қоймасы: "Золотая рыба" туристік базасына қызмет көрсетуге және пайдалануға беруге арналған учаске	750	100

103	Қаратомар су қоймасы: "Дружба" туристік базасының жер учаскесі	1000	60
104	Қаратомар су қоймасы: Набережный ауылдық округіндегі туристік базаға қызмет көрсету мен пайдалануға және демалыс аймағы базасының құрылысына арналған жер учаскесі	1000	64–68
105	Қаратомар су қоймасы: Набережный ауылдық округіндегі "Тогызбай-Агро" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жер учаскесі	800–1000	40–100
106	"Параллель" туристік базасының жер учаскесі шегінде Қаратомар су қоймасының жағалауы	1000	35
107	Кендірлі көлі	500	35
108	Қосжалтыр көлі	300	35
109	Крученная балка тоғаны	300	35
110	Қожай арқалығы тоғаны	500	35
111	Сабынкөл көлі	500	35
112	Саз көлі	500	35
113	Саманкөл көлі	300	35
114	Сапула көлі	300	35
115	Таксор көлі	500	35
116	Тентексор (Тинтек) көлі	500	35
117	Токтыбайкөл көлі	300	35
118	Тентексор (Тыныксор) көлі	500	35
119	Шағыбай көлі (Большой Жаланаш)	500	35
120	Шөптікөл бөгетшесі тоғаны	300	35
121	№ 1 тоған	300	35
122	№ 3 карьер	300	35
123	Б. Танат көлі	300	35
124	Қаратомар су қоймасының учаскесі орман қорын қоспағанда	50–500	35-тен 100-ге дейін
125	Аты жоқ көл	300	50
126	Тұзды көлі	500	50

127	Қоржынкөл көлі	300	50
128	Атауы жоқ су айдыны	300	35
129	"Қарталы- Рудный" магистральдық газ құбырының жер асты өткелін қайта жаңарту учаскесі шегінде Қаратомар су қоймасының жағалауы, Әйет өзені	500	35
Денисов ауданы			
130	Ақсай тоғаны	300	35
131	Аршалы-Әйет өзені: Приречный ауылындағы "Алтай" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің мал шаруашылығы кешенінің өндірістік объектілері	120–210	100
132	Большое песчаное көлі	300	35
133	Жоғары-Тобыл су қоймасы	500	35
134	Жалтыркөл көлі	300	35
135	Кадалкөл көлі	300	35
136	Қарасай тоғаны	300	35
137	Котюбок тоғаны	300	35
138	Коммунное көлі	300	35
139	Лужок тоғаны	300	35
140	Песчаное көлі	300	35
141	Придорожный тоғаны	300	35
142	Солянка тоғаны	300	35
143	Сухая өзені (оң жағалау)	500	35
144	Сухая өзені (сол жағалау)	500	35
145	Тұңғырлықты көлі	300	35
146	"Перелески-2" учаскесінің шөгінді жыныстары кен орны ауданындағы атауы жоқ жер үсті су объектісінің учаскесі	300	35
147	Шұңқыркөл көлі	300	35
148	Қамысты-Әйет өзені: суарылатын егістік учаскесі шегінде	500	35
149	Тобыл өзені ағысының учаскесі	192-210	35

150	Свердлов ауылында сумен жабдықтау құрылысы аумағының шегінде, Қамысты-Әйет өзенінің учаскесі	500	75
Жангелдин ауданы			
151	Ақкөл көлі	500	35
152	Алакөл көлі	300	35
153	Алакөл шатқалының ағымы	500	35
154	Жамантүз көлі	500	35
155	Қарақамыс көлі	500	35
156	Қарасор көлі	500	35
157	Қыршүмекті көлі	500	35
158	Ойшұмақты көлі	500	35
159	Татыр көлі	500	35
160	Төменсонолы көлі	300	35
161	Ұлқаяқ өзенінің учаскесі	500	35-50
162	Шортанды өзенінің учаскесі	500	35-50
163	Шұбалан көлі	500	35
Жітіқара ауданы			
164	Берсуат өзені	500	35
165	Бородинка тоғаны	300	35
166	Жоғарғы-Шортанды су қоймасы	300	35
167	Двуреченский тоғаны	300	35
168	Желқуар өзені	500	35
169	Қуандыбай көлі	300	35
170	Мүктікөл көлі	300	35
171	Төменгі-Шортанды су қоймасы	300	35
172	№ 3 Плотина көлі	300	35
173	Сарысай тоғаны	300	35
174	Толыбайқопа көлі	500	35
175	Үлкенқопа көлі	500	35
176	Шөптікөл көлі	300	35
177	Шортанды өзені	500	35
178	Атауы жоқ су айдыны	300	35
179	Тобыл өзені ағысының учаскесі	500	35
Қамысты ауданы			
180	Бердинский жарылғыш шұңқыры	300	35

181	Алтынсарин ауылының шегіндегі № 1 су объектісі	100	35
182	Алтынсарин ауылының шегіндегі № 2 су объектісі	100	35
183	Гайсинская плотина көлі	300	35
184	Жаркөл көлі	500	35
185	Қарасу тоғаны	300	35
186	Кепе көлі	500	35
187	Қояндықопа көлі	500	35
188	Мамыркөл көлі	500	35
189	Талдыкөл көлі	500	35
190	Шағыркөл көлі	500	35
191	№ 3 тоған	300	35
Қарабалық ауданы			
192	Бисаркөл көлі	500	35
193	Үлкен Босаға көлі	500	35
194	Үлкен Қонсүлек көлі	500	35
195	Үлкен Талдыкөл көлі	500	35
196	Бұржақ көлі	500	35
197	Жылтыр Қарабас көлі	500	35
198	Қособа көлі	500	35
199	Кочковатое көлі	300	35
200	Кіші Бөрлі көлі	500	35
201	Сазынбай көлі	500	35
202	Саламат көлі	500	35
203	Сарыкөл көлі	500	35
204	Сасықкөл көлі	500	35
205	Светлое көлі	500	35
206	Сырдақ көлі	500	35
207	Өленді көлі	500	35
208	Үлкен Бөрлі көлі	500	35
209	Шаршылдақ көлі	500	35
210	Шөпті Қарабас көлі	500	35
211	Шұбаркөл көлі	500	35
212	Тоғызақ өзені ағысының учаскесі	500	35
213	Тоғызақ өзені: Гурьянов ауылындағы "Комсомольская птицефабрика" акционерлік қоғамының өндірістік алаңы	300	35

Қарасу ауданы			
214	Алабота көлі	500	35
215	Амангелді тоғаны	300	35
216	Биесойған көлі	500	35
217	№ 10 тоған (Дружба)	300	35
218	Жекекөл көлі	500	35
219	Қарақамыс көлі	500	35
220	Қарасу өзені: Люблин ауылдық округінің Люблин ауылындағы "Люблинка" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жер учаскесінің аумағы	500	35
221	Қойбағар көлі	500	35
222	Теңізкөл көлі	500	35
223	Тюнтигер көлі	500	35
224	Шанжара көлі	300	35
225	№ 8 тоған	300	35
226	№ 9 тоған	300	35
227	№ 11 (№ 4) тоған	300	35
Қостанай қаласы			
228	"Аэропорт" шағын ауданы шегіндегі Тарелочка тоғаны	35–150	35
Қостанай ауданы			
229	Балықты көлі	300	35
230	Бегежан көлі	300	35
231	Аты жоқ тоғаны	300	35
232	Аты жоқ көл	300	35
233	Аты жоқ көл	300	35
234	Безымьянное көлі	300	35
235	Большой тоғаны	300	35
236	Үлкен Шишікөл көлі	300	35
237	Майкөл шатқалының аумағындағы жарылған шұңқыр	300	35
238	Жамбыл көлі	300	35
239	Женебек көлі	500	35
240	Зареченский тоғаны	300	35
241	Келлеровский тоғаны	300	35
242	Кинебайқай көлі	300	35
243	Қойғара көлі	300	35
244	Большое Коровье көлі	300	35

245	Кочковатое көлі	300	35
246	Кошелевское көлі	500	35
247	Қонайкөл көлі	500	35
248	Лелечье көлі	300	35
249	Лысый тоғаны	300	35
250	Кіші Шишікөл көлі	300	35
251	Медет көлі	500	35
252	Молокановский тоғаны	300	35
253	Нечаевский тоғаны	300	35
254	Новый тоғаны пром.лов	300	35
255	Өтегенкөл көлі	500	35
256	Песчаное көлі	300	35
257	Русский тоғаны	300	35
258	Рыспай көлі	500	35
259	Садовое тоғаны	300	35
260	Куликовская шұңқырымен қоса Теплое ескі арналы көлі	300	35
261	Тойтомар көлі	300	35
262	Ұзынкөл (Түпес) көлі	500	35
263	Ұзынкөл (Байжігіт) көлі	500	35
264	Чистенькое көлі	300	35
265	Белозер ауылдық округінде "Рыбацкое счастье" туристік базасын салуға сұратылған жер учаскесінің аумағындағы Балықты көлі	300	35
266	Үлкен Илюк шатқалы	300	35
267	Шахринка көлі	300	35
268	Бірінші көлі	300	35
269	Екінші көлі	300	35
270	Атауы жоқ су айдыны	300	35-100
271	Атауы жоқ су айдыны	300	35
Меңдіқара ауданы			
272	Алакөл шатқалы көлі	500	35
273	Алакөл көлі	500	35
274	Алқакөл көлі	300	35
275	Араскөл көлі	300	35
276	Балықтыкөл көлі	300	35
277	Аты жоқ көл	300	35
278	Белое көлі	300	35

279	Бестауық көлі	300	35
280	Боровское көлі	500	35
281	Воронья Ляга көлі	300	35
282	Горелое көлі	300	35
283	Жаманке көлі	500	35
284	Жаркөл көлі	500	35
285	Зоново көлі	300	35
286	Каменск-Уральский тоғаны	300	35
287	Қантомар көлі	300	35
288	1-Қарақамыс көлі	500	35
289	Қарақамыс көлі	500	35
290	Қаранғалық тоғаны	300	35
291	Қарасор көлі	500	35
292	Қарасор шатқалы көлі	500	35
293	Қиғанкөл көлі	300	35
294	Кирпичная Элеватор көлі	300	35
295	Кирпичная Элеватор 1 көлі	300	35
296	Кобень көлі	300	35
297	Қоғалы көлі	300	35
298	Лоба көлі	500	35
299	Майбалық көлі	300	35
300	Моромышное көлі	300	35
301	Медет көлі	500	35
302	Мендайсор көлі (тұзды)	300	35
303	Моховое көлі	300	35
304	Пикет тоғаны	300	35
305	Покровский тоғаны № 14	300	35
306	Теңіз көлі	500	35
307	Таскөл көлі	300	35
308	Тютюколь көлі	500	35
309	Тұзкөл көлі	500	35
310	Целинный көлі	300	35
311	Шұмаккөл көлі	500	35
Науырзым ауданы			
312	Мамедовский тоғаны	300	35
313	Сәнкібай көлі	500	35
Сарыкөл ауданы			
314	Ақшакөл (Чистое) көлі	300	35
315	Бозшакөл көлі	500	35
316	Бұршақ тоғаны	300	35

317	Жаксыжаркөл көлі	500	35
318	Қайранкөл көлі (Дедово)	300	35
319	Қаракүлдік көлі	500	35
320	Мантин көлі	300	35
321	Моховое көлі	300	35
322	Сорочинский тоғаны	300	35
323	Сарыкөл көлі	500	35
324	Соленое көлі (Семеновское)	300	35
325	Бірінші көлі	300	35
326	Екінші көлі	300	35
Ұзынкөл ауданы			
327	Акжан (Большое Неклюдово) көлі	500	35
328	Ақпас көлі	300	35
329	Алешкино (Аяғанкөл) көлі	300	35
330	Бабье көлі	500	35
331	Байгулов (Бугровое) көлі	300	35
332	Балықты көлі	500	35
333	Безымянное көлі төгілуімен	300	35
334	Белое көлі	300	35
335	Большое көлі	500	35
336	Большое Песчаное көлі	300	35
337	Үлкен Қоскөл көлі	300	35
338	Үлкен Теріскөл көлі	500	35
339	Бугроватое көлі	300	35
340	Булатово көлі	300	35
341	Вздорное көлі	300	35
342	Гагарино көлі	300	35
343	Глубокое (Бугровое) көлі	300	35
344	Глубокое-2 (Улуколь) көлі	300	35
345	Гренадерское көлі	300	35
346	Долбилово көлі	500	35
347	Долгое көлі	300	35
348	Есеткөл көлі	300	35
349	Жаксы Болған көлі	300	35
350	Жылтырша (Альчибек) көлі	300	35
351	Жаман көлі	500	35
352	Жарқайың көлі	500	35

353	Жаркөл көлі	500	35
354	Жукова көлі	500	35
355	Займище көлі	500	35
356	Измайловское көлі	300	35
357	Итсары көлі	500	35
358	Казенное көлі	300	35
359	Қамыстыкөл көлі	300	35
360	Камышное көлі	300	35
361	Камышовое көлі	300	35
362	Қарақамыс көлі	500	35
363	Қаранкөл көлі	300	35
364	Қарасу өзені төгілуімен	300	35
365	Кленовское көлі	300	35
366	Комендантское көлі	300	35
367	Коробейников (Мыльное) көлі	300	35
368	Кривое көлі	300	35
369	Кругленькое көлі	300	35
370	Куренное көлі	300	35
371	Куриное көлі	500	35
372	Құркөл көлі	500	35
373	Лебяжье көлі	300	35
374	Малое Кривое көлі	300	35
375	Мамоново (Большое Мамоново) көлі	300	35
376	Маркино (Большое Маркино) көлі	500	35
377	Моховое көлі	300	35
378	Моховое-2 көлі	300	35
379	Мусино көлі	300	35
380	Өгізбалық көлі	300	35
381	Орлово көлі	300	35
382	Ортақөл көлі	500	35
383	Плоское көлі	300	35
384	Прудок көлі	300	35
385	Пустое көлі	300	35
386	Рассольное көлі	300	35
387	Речное көлі	500	35
388	Саматово көлі	300	35
389	Сарыоба көлі	500	35
390	Сибирское көлі	300	35
391	Сливное көлі	300	35

392	Соболево көлі	300	35
393	Сталерово (Столарево) көлі	300	35
394	Старая Сибирка көлі	300	35
395	Тарыкөл көлі	500	35
396	Татарское көлі	300	35
397	Тоқпанкөл көлі	300	35
398	Тычок көлі	300	35
399	Ұзынкөл көлі	300	35
400	Ұлыкөл көлі	500	35
401	Хохловатое көлі	300	35
402	Чечнево көлі	300	35
403	Шаврино көлі	300	35
404	Шашмурино көлі	300	35
405	Шейхметов (Тересколь) көлі	300	35
406	Шортабулат көлі	300	35
407	Шошқалы көлі	500	35
Федоров ауданы			
408	Бікілек көлі	300	35
409	Аты жоқ көл	300	35
410	Борша-Бескөл көлі	500	35
411	Үлкен Қоскөл көлі	500	35
412	Үлкен Қарақопа көлі	300	35
413	Жаксы Жаркөл көлі	500	35
414	Жаңгіркөл көлі	500	35
415	Жар-Жалтыркөл (Краснянское) көлі	500	35
416	Жеребец (Рыбное) көлі	300	35
417	Жол-Жорғар (Жұлдысу) көлі	500	35
418	Үлкен Шаңдақ (Камышный) көлі	300	35
419	Қарақопа көлі	300	35
420	Лысанов көлі	300	35
421	Кіші Қарақопа көлі	500	35
422	Кіші Қоскөл көлі	300	35
423	Мыңдыджасор көлі	500	35
424	Окужане көлі	300	35
425	Саут шатқалы	500	35
426	Светлое көлі	300	35
427	Большое тұзды көлі	300	35
428	Соркөл көлі	500	35

429	Токтас (тұзды) көлі	500	35
430	Тұнғыйық көлі	300	35
431	Ұзынкөл көлі	500	35
432	Өлеңді көлі	500	35
433	Чистый Шаңдақ көлі	300	35
434	Шошқалы көлі	300	35
435	Шошқалы көлі	300	35
436	Үлкен Қашалтыр және Кіші Қашалтыр	300	35

Ескерту:

* – 2009 жылғы шілдеге дейін белгіленген су қорғау белдеулері.

Қостанай облысы әкімдігінің
2026 жылғы 8 қаңтардағы
№ 5 қаулысына
2-қосымша

Қостанай облысының су объектілеріндегі су қорғау аймақтары мен белдеулерін шаруашылықта пайдаланудың режимі мен ерекше жағдайлары

1. Су қорғау белдеулері шегінде шаруашылық қызметтің кез келген түріне, сондай-ақ шаруашылық және өзге де қызметті жүргізу үшін жер учаскелерін беруге тыйым салынады, бұл тыйымға мынадай жағдайлар:

1) мыналарды:

су шаруашылығы құрылысжайлары мен олардың коммуникацияларын;
көпірлерді, көпір құрылысжайларын;

айлақтарды, порттарды, пирстерді және су көлігі, балық ресурстары мен басқа да су жануарларын қорғау, балық аулау мен аквашаруашылық қызметіне байланысты өзге де инфрақұрылым объектілерін;

балық өсіретін тоғандарды, балық өсіретін бассейндер мен балық өсіретін объектілерді, сондай-ақ оларға коммуникацияларды;

ғимараттар мен құрылысжайлардың күрделі құрылысынсыз балаларға арналған ойын және спорт алаңдарын, жағажайларды, аквапарктерді және басқа да рекреациялық аймақтарды;

су объектілері жай-күйінің көрсеткіштерін байқау пункттерін салу және пайдалану;

2) жағалауды нығайту, ағаш өсіру және көгалдандыру;

3) Су кодексінің 86-бабының 1-тармағының 1) тармақшасында рұқсат етілген қызмет кірмейді.

2. Су қорғау аймақтары шегінде:

1) жерүсті су объектілерінің, су қорғау аймақтары мен белдеулерінің ластануы мен қоқыстануын болғызбайтын құрылысжайлармен және құрылғылармен қамтамасыз етілмеген жаңа және реконструкцияланған объектілерді пайдалануға беруге;

2) автожанармай құю станцияларын, мұнай өнімдерін сақтауға арналған қоймаларды, көлік құралдары мен ауыл шаруашылығы техникасын техникалық қарап-тексеру, оларға қызмет көрсету, жөндеу және жуу пункттерін орналастыруға және салуға;

3) тыңайтқыштарды, пестицидтерді, улы химикаттарды, көнді сақтауға және оларды қолдануға арналған қоймалар мен алаңдарды орналастыруға және салуға тыйым салынады. Су қорғау аймағында мәжбүрлі санитариялық өңдеу жүргізу қажет болған кезде уыттылығы аз және орташа, жойылуы оңай пестицидтерді қолдануға жол беріледі ;

4) тұрмыстық қатты және өнеркәсіптік қалдықтардың үйінділерін орналастыруға және жайғастыруға;

5) зираттарды орналастыруға;

6) жүктеме нормасынан асатын ауыл шаруашылығы жануарларын жаюға, мал шаруашылықтарын, мал сою алаңдарын (ауыл шаруашылығы жануарларын сою алаңдарын), мал қорымдарын (биотермиялық шұңқырларды), пестицидтердің арнаулы қоймаларын (көмінділерін) және олардың ыдыстарын орналастыруға;

7) сарқынды суларды жинақтағыштарды, сарқынды сулармен суару алқаптарын, сондай-ақ жерүсті және жерасты суларының радиациялық, химиялық, микробиологиялық, токсикологиялық және паразитологиялық ластану қаупін туғызатын басқа да объектілерді орналастыруға тыйым салынады.